



№3 (9993)
9 қаңтар
сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Үшем дүниеге келді


Қызылорда облыстық перинаталдық орталығында 2023 жылдың 8 желтоқсан күні үшем дүниеге келді. Нәрестелер анасының жүктілігінің 33-інші аптасында өмір есігін ашты.



Қызылорда қаласында тұратын 28 жастағы Ақбота Әбсаттар мен 30 жастағы Нұрсұлтан Қазбек санитарлық-эпидемиологиялық бақылау саласында қызмет атқарады. Олардың бұдан бөлек 2 жасар Жантөре атты ұлы бар. Нәрестелердің дүниеге келгендегі салмағы 1830, 1670, 1200 грамм болды. Нәрестелер бірнеше минут айырмашылықпен дүниеге келді. Шақалақтар 1 айға жуық облыстық перинаталдық орталығы дәрігерлерінің жіті бақылауында болып, тұрақты ем қабылдады. Қазіргі таңда сабилердің және анасының жағдайы жақсы. Нәрестелердің есімін ата-әжесі Әлипұр, Адина, Медина деп қойды.

Оң рульді көліктерге тыйым салынды

ҚР Индустрия және құрылыс министрінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы бұйрығымен Қазақстанға 6 ай мерзімге оң рульді көліктерді әкелуге тыйым салынды. Ведомствоның мәліметінше, бұйрық «Сауда қызметін реттеу туралы» заңның 17 және 18 баптарына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29 және 47 баптарына сәйкес қабылданған.



«Қазақстан Республикасының аумағына оң жақ рульді бөлшектелген жеңіл автокөліктерді алты ай мерзімге дейін әкелуге тыйым салынсын», делінген құжатта. Бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, яғни 2024 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, өткен жылдың тамыз айынан бастап Қазақстанда оң рульді көліктерді әкелуге тыйым салуды енгізу мәселесі қарастырылған. 2007 жылдан бері Қазақстанда оң рульді көліктерді тіркеуге тыйым салынғанымен, оларды пайдалануға тыйым салынбаған. 2022 жылдың желтоқсанында 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін шекарадан өткен оң рульді шетелдік көліктер Қазақстанда тіркелуі мүмкін екені белгілі болды. Шетелдік көліктерді заңдастыру рәсімі биылғы жылдың 1 шілдесіне дейін созылды.

«ЖЖ» ақпарат

Аңдатпа

Жалағаштың сырлы шежіресі



4

Сараптама



Биыл әлеуметтік төлемдер қалай өзгереді?

Әлеуметтік төлемдер мөлшері ұлғаяды дегеннен қоғамда бұл тақырыпта сұрақтар да көбейді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында алдағы уақытта әлеуметтік төлемдерге өзгерістер еңгізілетінін айтқан болатын. Міне, содан бері жаңа Әлеуметтік кодекс те қабылданды. Жасыратыны жоқ, жаңа кодекс саланың әлеуетін біршама арттырғандай көрінді. Биыл да игіліктің легі мұнымен тоқтамады, яғни оң өзгерістер көп. Өйткені әлеуметтік төлемдердің бірқатарының көлемі еспек.

Күнkerіс деңгейі көтерілді

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәлімдеуінше, 2024 жылы елімізде айлық есептік көрсеткіш пен төменгі күнкеріс шегінің өзгеруіне байланысты әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған адамдар көбірек қаражат алады. Мәселен, I топтағылар – 95 495 теңге, II топтағылар – 79 435 теңге, III топтағылар мен 7 жасқа толмаған мүгедектері бар балалар 69 885 теңге алады. 2023 жылы I қыркүйектегі есеп бойынша елімізде мүгедектері бойынша 538 мың адамға әлеуметтік жәрдемақы тағайындалған еді.

Аласыраушысына айырылғандарға берілетін жәрдемақы мөлшері 7 пайызға өсті. Марқұмның асырауында бір адам қалған болса – 37 330 теңге, екі адам қалған жағдайда – 64 670 теңге, үш адам болса – 80 303 теңге, төрт адам болса – 85 077 теңге, бес адам болса – 88 116 теңге, алты және одан да көп адам болса – 91 589 теңге тағайындалды. Сонымен қатар тұл жетім қалған балалардың арқайысына 51 209 теңге жәрдемақы беріледі. Ал жерлерге арналған біржолғы төлем 52,4 АЕК немесе 193 460 теңге болды.

Жәрдемақы жайы қалай?

Биыл Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерге 16 АЕК, яғни 59 072 теңге, басқа әскери іс-қимылдарға қатысқан ардагерлерге 4,8-ден 6,19 АЕК-ке дейін, нақтырақ айтсақ, 17 722-ден 22 853 теңге дейін өсті. Ұлы Отан со-

ғысының ардагерлеріне теңестірілген азаматтарға 22 853 теңге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне мүгедектік бойынша теңестірілген адамдарға 27 875 теңге, Екінші дүниежүзілік соғыста көз жұмған немесе із-түссіз жоғалған жауынгерлердің жесірлеріне 16 540 теңге беріледі. Алайда бұл төлемдер шарт бойынша жесірлер қайтадан отбасы құрмаған жағдайда төленеді. Сонымен қатар Социалистік еңбек ерлері, үш дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендерінің иегерлері, «Қазақстанның еңбек ері» атағын иеленген азаматтарға – 138,63 АЕК, яғни 511 822 теңге, «Халық қаһарманы» атанғандарға – 138,63 АЕК немесе 511 822 теңге, Сауи кұғын-сүргін құрбандары мен одан зардап шеккен азаматтарға – 1,07 АЕК, нақтырақ айтсақ, 3 950 теңге, Қазақстан Республикасына сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға 1,07 АЕК немесе 3 950 теңге жәрдемақы тағайындалды.

Ана мен балаға қамқорлық

Мемлекетіміз үшін ана мен бала денсаулығы, олардың өмірі қашанда бірінші орында. Ана мен баланы қорғау көз келген мемлекеттің ішкі саясатының басым бағыты ретінде қарастырылады. Осы ретте бүгінгі таңда бала күтімімен отырған жұмыссыз аналарға отбасының табысына қарамастан 5 түрлі жәрдемақы беріледі.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорының қатысушысы болса, жұмыс істейтін аналарға жүктілікке және босануға байланысты әлеуметтік төлем төленеді. Бала тууға байланысты бір реттік мемлекеттік жәрдемақы 1-3 балаға – 38 АЕК немесе 140 296 теңге, 4 және одан да көп балаға 63 АЕК, 232 596 теңге беріледі. Бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне ай сайын жәрдемақы

беріледі. Мәселен, жұмыссыз аналарға республикалық бюджеттен бірінші балаға 5,76 АЕК, яғни 21 265,92 теңге, екінші балаға 6,81 АЕК немесе 25 142,52 теңге, үшінші балаға 7,85 АЕК, 28 982,2 теңге, 4 және одан да көп балаға 8,90 АЕК, 32 858,8 теңге белгіленген.

Сондай-ақ баласы бір жарым жасқа толғанға дейін анасы оның күтіміне байланысты кірісінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлем алушылардың пайдасына қосымша белгіленген міндетті зейнетақы журналдары бюджет қаражаты есебінен субсидияланады. Мүгедектері бар баланы тәрбиелеп отырған күтушінің жәрдемақысы да өсті. Сонымен қатар көмектегі топмаған төрт және одан да көп баласы бар аналарға жәрдемақы бала санына сәйкес беріледі. Мәселен, 4 баласы бар отбасына – 16,03 АЕК, 58 182,76 теңге, 5 баласы бар отбасына – 20,04 АЕК немесе 73 987,68 теңге, 6 баласы бар отбасына – 24,05 АЕК, 88 792,6 теңге, 7 баласы бар отбасына – 28,06 АЕК немесе 103 597,52 теңге, 8 және одан да көп балалардан әр балаға 4 АЕК тағайындалды.

Сонымен қатар алты және одан да көп баланы дүниеге әкелген аналар «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгісімен марапатталып, оларға ай сайын 7,4 АЕК, яғни 27 320,8 теңге немесе 6,4 АЕК, 23 628,8 теңге көлемінде мемлекеттік жәрдемақы беріледі.

Зейнетақы мөлшері қанша?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2024 жылы зейнетақы мен жәрдемақы есетінін мәлімдеді. «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі айқындаған инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес мемлекеттік жәрдем-

ақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрін 7 пайызға арттыруды көздейді. Ынтымақты зейнетақы 9 пайызға, яғни инфляция деңгейінен 2 пайызға жоғарылайды», делінген хабарламада. Бюджеттен төленетін зейнетақының орташа жиынтық мөлшері Бірыңғай зейнетақы қорынан төленетін төлемдерді есепке алмағанда 2024 жылы 130 414 теңгені құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 60 пайыздан 65 пайызға, ең жоғары мөлшері 100 пайыздан 105 пайызға дейін өсті. Сөйтіп, ең төменгі базалық зейнетақы төлемі 28 215 теңге болды. Жасы бойынша зейнетақы төлемдерінің ең жоғары мөлшері 152 295 теңгеге жетті. Бұған қоса мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі қарастырылған. Мұның ең жоғары мөлшері 2024 жылы ең төменгі күнкеріс деңгейінің 105 пайызын, яғни 45 578 теңге болды. Зейнетақы төлемдерінің жалпы сомасы 197 873 теңге болады.

Шәкіртақы мөлшері көңіл көншітеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басынан бері білім саласына бірқатар жаңашылдық енгізді. Солардың бірі – жоғары оқу орны студенттерінің шәкіртақысының өсуі.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің мәліметінше, 2025 жылға дейін бакалавриат шәкіртақысын жыл сайын 20 пайызға, магистратура мен докторантураға жыл сайын 15 пайызға арттыру жоспарланған.

Осылайша биыл бакалаврлардың шәкіртақы мөлшері 47 135 теңге, ал педагогикалық бағытта – 75 600 теңге болмақ. Ғылыми бағытта білім алатын жастарымыздың, яғни магистранттардың шәкіртақысы 107 061 теңгеге өссе, докторантурада оқитын азаматтар 240 000 теңге алатын болды. Сондай-ақ бакалавр, магистрант, докторанттарды қоса алғанда олардың арасында ұлғайтылған стипендия алатындар да бар. Міне, мемлекетіміз білім қуған жастарымызға шәкіртақыны көбіету арқылы ғылымға және білім алушыларға қамқорлық жасап отыр.

Жандос ЖАЗКЕН

«Ұлттық қор – балаларға» іске қосылды

Балалар – еліміздің болашағы. Болашақ ұрпаққа қалдыратын қаражат Ұлттық қордың меншігінде. Оның адам капиталына қызмет ету керек екенін қоғам талай мәрте көтерген де болатын. Президент бастамасы соның нақты қадамы екенін атап өту керек. Нақтырақ айтсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы Жолдауында Балалар жылы аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама іске қосылатынын айтқан болатын.

Иә, былтырдан бері сүйеншілеткен «Ұлттық қор – балаларға» жобасы биыл 1 қаңтардан бастап іске қосылды. Айдың ортасында жоба қаражатына демелі 7 миллион баланың нақты тізімі жарияланады. Осылайша ақпан айынан бастап көмектегі толмаған балалардың шотына қордың инвестиция табы-

сының елу пайызы түсіп отырады. Әзірге ата-аналар өз перзенті туралы мәліметтің дұрыс-бұрыстығын е-Gov электронды үкімет порталында тексеріп өлек. Өйткені кейбірі баласын тізімнен таппаса, деректер базасында өз баласының орнына бейтаныс адамдардың тіркелгенін көріп таң қалған.



ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Брифинг

Жалағаш аудандық сотында жұмыс қорытындысы бойынша БАҚ өкілінің қатысуымен өткен брифингте аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев 2023 жылдың 12 айында атқарылған жұмыс жайлы баяндады. Азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтар тақырыптары қозғалып, аудандағы ахуалға тоқталды.

Аталған мерзімде сот төрағасының айтуынша, аудандық сотта барлығы 897 іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде азаматтық құқық бұзушылыққа байланысты 466 іс, қылмыстық құқық бұзушылыққа байланысты 69 іс, әкімшілік құқық бұзушылыққа байланысты 362 іс қозғалса, 466 азаматтық іс қаралып, аяқталған. Яғни оның 44-іне сот бұйрығы қабылданып, 234-іне шешім шығарылып, 136 іс тоқтатылды. Бұдан бөлек соттың қарауына 2 іс жолданған.

Асылхан Мизанбаев қаралған істердің ішінде өткен жылы ажырасу жағдайының аз болмағанын айтады. Мәселен, былтыр ауданда 72 неке бұзылған. Барлық істі қараған төрағаның айтуынша, оның көбісі жолдасы ішімдікке салынып, жұбайына тыныштық бермейтін жағдайлар. Көбіне татуластыруға ықпал жасап, ардагерлер мен әйелдер кеңесіне де жіберетіндігін жасырмады.

Ажырасуға қатысты мәселенің себептерінен гөрі сылтауға келеді деген дұрыс шығар. Рас, кейбір жағдайлар бар, жұбайының айтуынша, жолдасы ішімдікке салынып, тыныштық бермейді. Иә, мұндайда нәзік жандыларды түсінеміз. Біреудің қызын жар етіп алғаннан кейін ер азаматтар бойдағы жауапкершілікті еселеу керек. Ал кейбір жағдайлар болады, телефон ішіндегі блогерлер мен әртістердің өмірін сұрап, киіпжіннің бәрін болмашыдан шығартып. Жолдасына арқа сүйеп, оған демеу болудың орнына жолдасын төмен санайтын азаматшалар да кездеседі. Иә, ажырасуға шағым көптеп түсіп жатады. Екі жақтың сөзін тыңдап, шағымын қанағаттандыруға да болады. Бірақ бұлай жасай берсек, отбасы



Бір жылда 897 іс қаралды

құндылығы қайда қалады? Иә, олар ақыл тоқтатқан ересектер, ал ортада қалған балалар ше, олардың кінесі не? Сондықтан біз көп жағдайда әуелі оларды аудандағы ардагерлер мен әйелдер кеңесіне жібереміз. Кейбірі солардың ақилын тыңдап, райынан қайтып жатады. Ал кейбірі өкінішке орай алған бетінен қайтпай, тұрып алады. – дейді ол.

Расында, қазір әлеуметтік желіде ұзақ отыратын жас отбасылар көп жағдайда өзгенің өміріне қызығумен болады. Отау құрудың мәні де ұмытып, ортадағы балаға қарамай, жанжал шығаратындар да аз емес. Ал оны бірден ойландырмай, іс жүзінде ажыратып жіберу бөрінің қолынан келуі мүмкін, ал керісінше, татуластыруға амал жасап, ақыл айту – көз келгеннің қолынан келмейтін іс.

Жалпы былтыр аудан бойынша жалпы 69 қылмыстық іс қаралып, аяқталған. Оның ішінде 37 іске үкім шығарылып, 26 іс тоқтатылып, оның 22-сі медиация тәртібімен татуласқан. Соттылығы бойынша 5 қылмыскер жолданып, 40 адам сотталған. Олардың ішінде қоғамдық жұмысқа тарту бойынша 4 азаматқа, бас бостандығын шектеу бойынша 15 азаматқа, бас бостандығынан айыру бойынша 15 азаматқа жаза түрлері тағайындалған. Сонымен қатар 2 кісіге

айыппұл салып, 2 кісіге шартты жаза тағайындалды.

Аудандық сот төрағасы аяқталған істердің санаттарына да жеке-жеке тоқталды. Ол бойынша жеңіл санаттағы қылмыс саны 9, ауырлығы орташа қылмыс саны 20, ауыр қылмыс саны 21, теріс қылмыс санатындағы қылмыс саны 19-ды құрайды.

Аяқталған қылмыстық істердің ішінде қылмыс санаты бойынша ең көп қаралғаны алаяқтық пен ұрлық болған. Яғни ҚР ҚК-нің 190 бабы бойынша, алаяқтық жасаған – 4 іс, ҚК-нің 188-бабы, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкі жасырын жымқырған – 17 іс, ҚР ҚК 187 бап, ұсақ-түйек жымқырған – 12 іс қаралған. Сот төрағасы «оңай олжаға келетінін» деген халықтың ойының дұрыс еместігін де атап өтті. Әлеуметтік желіде көрсетілген «осынша ақша салсаң, осынша есе етіп қайтарып аласың» деген алаяқтардың алдамшы сөздеріне бой бермеу керектігін айтады.

Айта кетейік, есірткі затын заңсыз егу, тасымалдау бойынша ауданда жалпы 7 іс қаралып, оған 7 адамның қатысы бары анықталған. Сот төрағасы үй ауласына есірткі егетіндердің көбейгенін де жасырмайды.

– Қаралған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 370 іс түскен, оның 362-сі аяқталған. 8 іс біріктіріліп, жаса тағайындалғаны 245

іс болды. Сондай-ақ 115 іс тоқтатылып, соттылығы бойынша 2 іс жолдан-ды. Тараптардың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 59 іс тоқтатылды. Жаза тағайындалғандары бойынша 133 айыппұл салынып, 16 ескерту жасалды. 95 қылмыскер қаматқа алынып, 1 азаматтык көлік құралын басқару құқығынан айырылды, – дейді Асылхан Мизанбаев.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты бойынша көлік құралын алкогольді масаң күйде басқару болған. Яғни ол бойынша 22 іс қаралған. Сондай-ақ жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-турмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 39 іс қаралып, 8 іс біріктіріліп.

Жалпы аталған есепті мерзімде сотпен азаматтық істер бойынша 2 қаулы, жекеше ұйғарым, қылмыстық іс бойынша 3 қаулы және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша 9 жеке қаулы қабылданып.


Жиынды қорытындылағанда сот төрағасы алдағы уақытта сот төрелігін сапасын арттыруға, сот жұмысін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын атап өтіп, БАҚ өкілдерінің бірқатар сауалына жауап берді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Сала жаңалықтары

Жол-көлік оқиғасын полициясыз рәсімдеуге болады

1 қаңтардан бастап азаматтар жеңіл жол апаты кезінде полиция мен соттың қатысуынсыз жеңілдетілген тәртіпте сақтандыруды рәсімдей алады. Бұл үшін мемлекет «Еурохаттама» арнайы мобильді қосымшасын әзірледі. Қосымшаның көмегімен жүргізушілер өздері жол апаты фактісін тіркеп, сақтандыру компанияларына материалдық залалды өтеуге өтінім береді.



«Еурохаттама» арқылы жол апатын рәсімдеудің міндетті үш шарты бар, жол апатына екі көлік құралы ғана ұшыраған кезде, жүргізушілердің қолданыстағы сақтандыру болуы қажет. Сондай-ақ кім кінәлі, ал кім зардап шегуші екенінде келіспеушіліктер болмаған кезде, апат салдарынан денсаулыққа залал келтірілмесе, ал көлікке келтірілген шығын сомасы 100 айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ол 369 мың теңге болады.

ҚР ІІМ ӘПК-ның айтуынша, онлайн сақтандыру үшін «Еурохаттама» қосымшасын қосып алып, тіркелу рәсімін жүргізіп, оқиғаның фото және бейнематериалдарын салу керек. Қосымшаны тиімді пайдалану мақсатында жақын жердегі полиция нарядына жүгінуге болады, олар көмек көрсетеді.

«Еурохаттаманың» артықшылығына тоқталсақ, азаматтар ұсақ жол апатын рәсімдеу үшін полицияны күтпейді, осылайша жолдардағы кептеліс төмендейді. Сонымен қатар жеңілдетілген тәртіппен тіркелген жол апаты кезінде жүргізушілер әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды және сақтандыру төлемдерінің мерзімі қысқарады. Егер бұрын осының бәрі 30-дан 90 күнге дейін уақытты алса, қазір хаттама тіркеу сәтінен бастап төлемді алуға шамамен бес күн кетеді.

Жұдырық ала жүгіретіндерге тұсау салынады

Елімізде адам денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтіруді және ұрып-соғуды қылмыстық жауапкершілікке тарту жоспарланып отыр. Бұл туралы баспасөз мәслихатында ІІМ әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Ренат Зұлхайыров мәлім етті. Оның айтуынша, түзетулерге сәйкес денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруді және ұрып-соғуды қылмыстық жауапкершілікке тарту жоспарланып отыр.



– 2023 жылғы 8 желтоқсанда ҚР Президентінің Жарлығымен № 409 бекітілген «Адам құқықтары және заң үстемдігі саласындағы іс-қимыл» жоспары бекітілді. Соның негізінде бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева және Парламент Мәжілісінің депутаттарымен бірлесіп әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі шараларды күшейту жөнінде заңнамалық түзетулер әзірленді. – деді Ренат Зұлхайыров.

Нақтырақ айтсақ, құқық бұзушының мінез-құлқына, өз-өзін ұстауына талаптар қойылып, қажет жағдайда әлеуметтік бейімделу орталықтарына жіберу қарастырылып жатыр. Сондай-ақ құш көрсетушінің психокоррекциялық курстардан өтуі міндеттелген. Жоғарыда аталған талаптар қылмыстық кодекс шеңберінде белгіленді.

Әскерилер жаңа дизайнды формаға ауысады

Қорғаныс министрлігі Ашық НҚА порталында әсерилердің жаңа фасондағы форма үлгілерін таныстырды. Жаңа құжат 16 қаңтарға дейін талқыда болады.

Қорғаныс министрінің «Әскери басқару органдарына, құрамаларға, бөлімдерге, әскери оқу орындарына тиесілігін білдіретін арнайы киім нысанының, айырым белгілерінің және оған тігілетін айырым белгілерінің, салтанатты, күнделікті, далалық және арнайы киім нысанына арналған жеңдік айырым белгілерінің, сыныптық мамандарға арналған белгілердің стилі мен түсін бекіту туралы» бұйрығының жобасы жасалды.

«ЖЖ» ақпарат

Журналист басқа мамандықта

Қоғам тыныштығы басты назарда

Темірдей тәртіп болмаса, тыныштық қайдан болсын? Кәмелеттік жасқа толмағандар мен мектеп оқушылары қоғамда қаншалықты тәртіп сақтауда? Жасөспірімдердің беймезгіл уақытта көше кезіп, өріп жүруі қандай әрескел әрекеттің өршуіне әкеліп соғады? Осы сынды өзекті сұрақтардың түйінін тарқату үшін аудандық полиция бөлімімен бірге «Журналист басқа мамандықта» айдары аясында түнгі рейдке шықтық.



шаралар атқарылып, ескертпелер де жасалады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 442 бабының ІІ тармағына сәйкес түнгі сағат 23.00 мен таңғы 6.00 аралығында кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің заңды өкілдерінің ойын-сауық орталықтарында немесе аудан орталығында жүрсе, және ол бірінші рет болса, алдымен ескерту жасалынады. Былтыр осы бап аясында 290 жасөспірімге ескерту жасалынды. Ал егер плзстейш, түнгі клубта ұсталған жағдайда ата-анасына 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. 127 балтыр ІІІ тармағына сәйкес былтыр 16 баланың ата-анасына 48 000 теңге көлемінде айыппұл салынды. Сондай-ақ, кәмелет жасқа толмаған баланы түнгі сағат 22.00-ден кейін кіргізгені үшін мекеме аталған кодекстің 132 бабы бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді, – деді аудандық полиция бөлімінің, жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің, ювеналдық полиция тобының инспекторы, полиция майоры Жасулан Әбдуайтов.

Түнгі рейдтің басты мақсаты – аудан көлемінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, көшелерде, басқа да қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандардың арасында орын алатын топтық төбелес, бопсалау сынды қылмыстардың алдын алу, ескерту, кәмелетке толмағандарға алкоголь өнім-

дері мен темекі бұйымдарын сатқан дүкендер мен олардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің ойын-сауық мекемелерінде жүргенін анықтау болып табылады.

Құқық бұзушылық – қоғам өміріне тән дерт. Өрине адам баласы өмір сүрген жерде ол орын алатыны даусыз. Барлық адам темірдей тәртіп пен қатал талапты бұзбай күн көшпейтіні анық. Бүгінде соның салдарынан абайсызда от басып, опық жеген азаматтар темір тордың арғы жағында өзгені өртеген өкінішпен өмір сүріп жатқаны белгілі. Бауыржан Момышұлының «тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген күл болмайды» деген ұлағаты сөзінің өзіндік мәні бар. Тәртіпке бағынып, талапты орындағанның жаманы зор.

Баланың түнгі сағат 23.00-ден кейін үй-жайдан тыс шығуы заңмен шектелген білсе де ата-анасы дүкенге жіберетін жағдайлар көп кездеседі. Не болмаса, көшеде жалғыз жүреді. Балалардың қауіпсіздігі үшін ұйымдастырылатын түнгі рейдтің 18 жасқа толмаған жасөспірімдерді түрлі заңбұзушылықтан сақтайтыны рас. Сондықтан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатындағы арнайы рейдтік топ жұмысын алдағы уақытта да ұдайы жүргізілетін болады.

Айта кетейік, түнделетіп көшеде жалғыз жүрген жасөспірімдердің ата-анасына алдымен ескерту жасалады. Егер құқықбұзушылық бір жыл ішінде

қайталанса, үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал ата-анасы ауылдық жерде немесе басқа қалада болса, кәмелетке толмаған баласын қараусыз қалдырмай, сенімхат арқылы үлкендерге тапсырып кетуі керек. Сенімхаты жоқ туысқандар бала үшін жауап беруге дәрменсіз. Өздеріңіз білетіндей, елімізде соңғы жылдары кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыс жа-сауының белең алуы әлеуметтік желіде қалтап кетті. Жасөспірімдердің бір-біріне қару кезеп, арты өліммен аяқталған оқиғаларды да естіп, біліп жүрміз. Десе де, аудандағы қауіпсіздікті басты назарда ұстайтын тәртіп сақшыларының қоғам тыныштығын қалыпты ұстаудағы үлесі зор.

Аудандық полиция бөлімімен шыққан түнгі рейд барысында мектеп оқушылары тарапынан ешқандай құқық бұзушылық орын алған жоқ. Балалардың қауіпсіздігі үшін ұйымдастырылатын түнгі рейдтің 18 жасқа толмаған жасөспірімдерді түрлі заңбұзушылықтан сақтайтыны рас. Сондықтан жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатындағы арнайы рейдтік топ жұмысын алдағы уақытта да ұдайы жүргізілетін болады.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

«Ұлттық қор — балаларға» іске қосылды

Бұған дейін жауаптылар 18-ге толмаған балалардың деректерін еGov-тағы базадан бір тексеріп қою туралы құлаққағыс жасаған-ды. Дәл осы деректер қорына кіру барысында біраз қазақстандыққа қызықтың көкесі басталады. Өз баласының орнына өзге біреудің тіркелгенін көріп таң қалғандар аз емес. Әсіресе қазақстандықтар жеке сәйкестендіру нөмірінің онды-солды интернетті көзіп жүргеніне наразы.



Құпиялықтың сақталмай, дербес деректердің ауысып жатқанынан «Ұлттық ақпараттық технология» Акционерлік қоғамы хабардар. Бар айтар уәжі – мәліметтің бәрі автоматты түрде сақылдап жұмыс істеуі үшін қызу жұмыс атқарылып жатыр екен. Дегенмен еGov порталында цифрлық құжаттар жаңылысқанымен төлемді алуға барлық баланың таласы бар. Әрбір Қазақстан азаматы Ұлттық қордан өзіне тиесілі төлемді алатыны хақ.

Сирек жағдайларда, цифрлық құжаттарда кейбір балалар, ата-аналар да мүлдем көрсетілмеуі немесе қате көрсетілуі мүмкін. Дегенмен бұл олардың төлем алуына әсер етпейді және ата-ана мен бала арасындағы туыстық қарым-қатынас тек цифрлық құжатта анықталмағанын білдіреді. Қазақстан азаматы болып табылатын әрбір бала Egov порталында көрсетілген деректерге қарамастан, Ұлттық қордан төлем алуға құқылы.

Иә, «Түсетін ақша бәрібір түссе, еGov-ты аңдып нәміз бар» деген заңды сауал көптің көкейінде жүр. Мамандар баланың жеке сәйкестендіру нөмірін

«баланы қосу» батырмасын басып, платформаға енгізу арқылы шотқа түскен ақшаны бақылауға болады дейді. Сондай-ақ қорға түскен ақшаны ата-аналар egov.kz не болмаса enrf.kz платформалары арқылы бақылай алады.

«БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры Мұрат Шәріповтың айтуынша, қаражат тек азаматтығы бар жеткіншектерге аударылады. Құдай сақтасың, бірақ бала қайтыс болған жағдайда Ұлттық қор төлем аударуды тоқтатып, мұрагерлік құқығы күшіне енеді. Ал заңды тұлға баладан қалған ақшаны қалауынша

пайдалана алады. Болжам бойынша, 2024 жылы туған баланың шотына 18 жылда 3 жарым мың АҚШ доллары жиналуы тиіс. Көмелетке толғаннан кейін де шоттағы қаражат 10 жыл бойы сақталады. Осы уақыт аралығында ақша көдеге асырылмаса, азаматтың зейнетақы шотына аударылады. Балалар қаражатты білім алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалана алады.

Жандос ЖАЗКЕН

БАСЫЛ-БЕТТЕ.

Апат айтып келмейді

Қызылорда облысының ТЖД-ның айтуынша, 5 қаңтар күні 9 сағат 43 минутта Жалағаш ауданы №11 өрт сөндіру бөлімінің байланыс бекетіне Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Аққұм көшесі №12 тұрғын үйде газ жарылып, салдарынан үй жанып, ішінде адам қалып қойғаны жөнінде хабарлама түскен.



Тетеншеліктердің айтуынша, өрттің техникалық шығу себебі мен шығыны анықталып жатыр. Өкінішке қарай, өрт арасынан 75 жастағы азаматшаның мәйіті табылған. Анасын құтқарамын деп денесінің 12-13 пайызын күйік шалған үй иесі аудандық аурухананың хирургия бөлімшесіне жатқызылған.

Хабарлама бойынша Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы, Аққұм көшесі №12 мекен жайда орналасқан көлемі 10х11 шаршы метр тұрғын үйде 50 литрлік газ баллоны жарылып, өрт оқиғасы барысында үйдің 8х5 шаршы метр қабырғалары құлап, бөлмелері толығымен жанғаны анықталды.

Өртті сөндіру барысында құтқарушылар үйінділердің астынан 20.12.1948 жылы туған өйел азаматшаның мәйіті табылды. Ал 02.01.1994 жылы туған ер азамат өрт сөндіру бөлімі келгенге дейін анасын құтқару барысында денесінің 12-13 пайызға II дәрежелі күйік жарақатын алып, аудандық

аурухананың хирургия бөлімшесіне жатқызылғаны белгілі болды.

Сондай-ақ оқиға болған үй ауласындағы «Daewoo nexia» маркалы автокөлігі жарылыс салдарынан зақымдалған. Өртке Жалағаш ауданы №11 өрт сөндіру бөлімінен 1 техника, 6 қызметкер жұмылдырылды. Ара қашықтық – 33 км. Өрт 10 сағат 56 минутта оқшауланып, 12 сағат 18 минутта толық сөндірілді.

Қазіргі таңда оқиға орнында ТЖД Өрт зертханасы және анықтау бөлімінің мамандары өрттің техникалық шығу себебі мен шығынын анықтауда.

«ЖЖ» ақпарат

Жалағаш аудандық (аумақтық) және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамы туралы хабар

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 10, 13, 19, 20-баптарына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 13-сессиясының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №13-1 және 13-2 шешімдерімен Жалағаш аудандық және учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамы сайланды.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №128 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №129 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №130 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №131 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №132 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №133 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №134 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №135 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №136 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №138 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №139 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №140 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №141 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №142 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №144 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №146 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №147 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №149 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №151 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №152 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №153 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №154 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №155 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Table with 3 columns: p/c, Аты, жөні, тегі, комиссия құрамындағы қызметі. Title: №156 учаскелік сайлау комиссиясының құрамы.

Жалағаш аудандық мәслихаты

Жалағаш жаршысы – 90 жыл



Жалағаштың сырлы шежіресі

Халықтың үніне айналған кез келген басылымның беттері тұнып тұрған тарих. Әр көздердегі қоғамдық саяси өзгерістер, ел жер тарихы мен шежіресін газет тігінділерінің сарғайған беттерінен оқып білуге болады. Сондай ақпарат құралдарының қатарында Мемлекет басшысының саясатын насихаттап, халық арасында қоғамдық пікір қалыптастыратын, жаңалық пен жақсылықтың жаршысы, нақтылап айтқанда, үгіт-түсінік, насихатшылық және ұйымдастырушылық қызмет атқаратын аудандық басылымның қызметі де ауқымды. Осындай міндеттер үдесінен шығып, уақыт талабына сай өз үнімен жауап беріп келе жатқан ресми басылым аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің жарық көре бастағанына биыл 10 қаңтар күні 90 жыл толады. Оқырмандарымыз сүйікті басылымына айналған аудандық газеттің тоқсан жылдық мерейтойында өткен тарихын бір таразылап, бүгінгі таңдағы тіршілік тынысына тоқтала кетпеу мүмкін емес.

Аудандық «Жалағаш Жаршысы» газетінің тарихы 1934 жылдың 10 қаңтарынан басталады. Қарақеткен МТС-ның саяси бөлімінің құрылуына байланысты 1934 жылы 10 қаңтарда «Колхозшы» деген өткен бірінші нөмірі шығып, Қармақты аудандарының колхоздарына партияның саясатын насихаттады. Міне, осы көп тираждық газет аудан құрылғаннан кейін аудандық газет болып «Колхозшы» атымен 1941 жылға дейін шығып келді. Мұнан соң газеттің аты «Күршішлер» деген атаумен 1958 жылдың тамызына дейін жарық көрді де, сол жылдан бастап аудандық газетке «Коммунизм үшін» деген жаңа ат берілді. Осы атпен 1962 жылғы 6 мамырға дейін шығып, арада бір жыл үзілістен соң Жосалы поселкесінен «Коммунизм шамшырағы» болып оқырманмен қайта қауышты. 1965 жылы қаңтардан Жалағаш ауданының қайта құрылуына байланысты сол жылдың тамызы айынан бастап «Жаңадария» деген атаумен шыға бастады. Кейіннен уақыт талабына орай, яғни 1993 жылдың 1 сәуірінен бастап «Жалағаш жаршысы» деген атаумен өз оқырмандарымен қауышты келеді.

Газеттің алғашқы нөміріне Сахи Жарылқасинов қол қойып (1934-1939) бес жыл редактор болса, әр жылдары Жарылқасинов Дүйсенов (1939-1941), Смайл Ақжігітов (1941 жылдың тамызы айына дейін), Мурат Нұржанов (1941-1943), Сұлтан Қожаниязов (1943-1945), Шілдебай Оңалбаев (1946-1947), Жүсіп Алтынбаев (1947-1948), Әдіс Ахетов (1952-1953), Сұлтан Жүсіпов (1953-1954), Төлеш Ахметов (1954-1955), Мырқы Исаяев (1955-1957), Мурат Нұржанов (1957), Айтбай Қойшыбаев (1959-1962), Әзілхан Аманов (1962-1965), Қален Әбдешев (1965-1972), Зордан Салықбаев (1972-1986), Аркар Жірбаев (1986-1988), Мырзамұрат Лиясов (1988-1996), Тұрсынбай Төшен (1996-1999), Кенжеғара Сүлейменов (1999-2003), Мәлік Аялов (2003-2004), Серік Бертәев (2004-2007), Қарлығаш Төшен (2007-2010), Фазиза Әбділа (2010-2017), Нағымжан Сауяев (2017-2018), Әзіз Батырбеков (2018-2020), басшылық қызметтерде болды. Ал 2020 жылдан бастап аудандық газеттің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев.

Аудандық газеттердің барлығы аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық атқару комитетінің құрылтайшылығымен жарық көрді. Кеңестік дәуірде таралу аумағына қарамастан мерзімді басылымдар біртұтас «Жер жүзі пролетарлары бірлігі» деген ұранмен шықса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл ұран «Барлық елдердің пролетарлары бірлігі» деп өзгертілді. Газеттердің ұйымдастырылуы, онда жазылатын тақырыптар, мақалалар барлығы да партияның перменімен жүзеге асып, оның орындалуын жергілікті идеологиялық хатшылар қадағалады.

Сынаптай сырдып жатқан уақыт неткен жүрік. Уақыт өткен сайын заман өзгереді, өзгеретінді көз көреді. Газеттің тоқсан жылдық тарихында қоғамымызда қаншама саяси-тарихи оқиғалар, жаңалықтар болып

жатыр. Аудандық газет солардың барлығына әділ бағасын беріп, халықпен бірге болды. Көшегі 1930-1937 жылдардағы ашаршылық, халықты қатыгездікпен қуғын-сүргінге ұшыратқан Сталиндік репрессия кезінде елді сабырлыққа, бірлікке шақырды. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында елің жерін неміс басқыншыларынан қорғап, Отан үшін от кешкен Сыр елінің жау жүрек жауынгерлерінің ерліктерін жазып паш етті. Бұдан кейінгі жылдары халық шаруашылығы қалпына келтіру, тың және тынбайған жерлерді игеру, мал шаруашылығы мен егін саласын жетілдіру, ауыл шаруашылығын дамытудағы аудан еңбеккерлерінің ерен істері газет беттерін орын алды. Қоғам өміріне белсене араласып, әр салада жемісті еңбек еткен дара тұлғалар мен таланттар, еңбек, өнер адамдары, Еңбек Ерлері жайлы газеттің әр жылдардағы тігінділерін қарап танысуға болады.

Уақыттың өр кезеңдерінде аудандық басылымда қаншама қарымды қаламгерлер қызмет етіп қолтаңбаларын қалдырып кетті. Мәселен, өмірлерін газетке арнаған А.Сәдібаев, Ә.Сәдуақасов, С.Махмұдов, Т.Сарыбаев, С.Баймаханов, Б.Ұызбаев, Қ.Нұрғалиев, А.Бекарыстанов, Ш.Бектасов, И.Шахаров, А.Тілеулиев, І.Мұстафаев, Ә.Оспанов, Б.Шайланов, Ж.Әбдімәліков, фото тілші Т.Ахметовтер өмірден өткеннен артында өшпес іс, өлмес мұралары қалды. «Жалағаш жаршысында» жұмыс жасап, шындалып өскен танымал журналистер Ертай Айғалиұлы, Бейбітбек Бүркітбайұлы, Еркін Әбілов, Миуа Байназарова, Бибайша Алпысбаева, Елена Әбдіхалықова, Құлтас Дастандардың өсімдерін мақтанышпен атап өткіз келеді.

1991 жылы 16 желтоқсанда республикамыз Тәуелсіздік алғаннан кейін ел өмірінде жаңа кезеңдер қайта құру, нарықтық қатынасқа көшу, қоғамды демократияландыру процестері басталды. Міне, осы уақыттарда аудандық басылым халық арасында үгіт-түсінік жұмыстарын жүргізіп, тәуелсіздігіміздің жемістері мен жеңістері жайлы жазып келеді. Соңғы жылдары газеттің кезекті сандарында уақыт талабымен үндескен жаңа айдарлар мен арнаулы беттер жарық көре бастады. Онда жекешелендіру мен нарықтық қатынасқа көшу талабы түсіндіріліп, тіл мәртебесін көтеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, кәсіпкерлікті дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері, мәдениет, білім, денсаулық саласындағы жетістіктер қамтылып келеді.

Жасыратын несі бар, еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдардан кейінгі өтпелі кезеңнің нарық қиыншылығы аудандық газеттің уақытылы шығыы мен таралымына кері әсерін тигізбей қоймады. Нарық талабына төтеп бере алмай қаржының тапшылығынан бір-қатар мекемелер мен кәсіпорындар жабылып жұмысын тоқтатты. Бюджеттік сала қызметкерлері мен зейнеткерлер жапықтары мен зейнетақыларын уақытылы ала алмауына байланысты газеттің таралымы күрт азайып кетті. Амаз жоқ газеттің жазылу қаржысын

аудан шаруашылықтарымен күрші, ұн, шөп, мал алу арқылы есептесуге тура келді. Ең алдымен қағаз тапшылығына ұшырадық. Бұрын аптасына үш рет шығып келген газетіміз 1991 жылы сәуір айынан екі реттен, 1992 жылдан бастап бір реттен шығатын болды. Соған байланысты штат кестесі де қысқарды. Мұның үстіне қаржының тапшылығынан жылу қазандығы ажыратылған баспаханада газет басып шығару оңайға соқпады. Өйткені жылу болмағандықтан баспаханың теру мен баспа машиналары тұрған цехтарда суықтықтан бояулар мен қайнатылған қорғасындар, нәзік детальдар сіресіп қатып қалып жатты. Амаз қанша, қолдан орнатылған «буржумка» пешіне от жағып жылынып өлмесінің күнін көрдік. Ал редакцияда мұқанаға айналған кабинеттерде қағаз жазу мүмкін емес еді. Қашан бір екі бөлмеге кантрамарка пеш алып алғанша кезекті нөмірдің материалдарын үйден жазып келетін болдық. Осындай қиыншылықтарға қарамастан редакция мен баспахана ұжымы үлкен ұйымшылдықпен нағыз патриоттықтың үлгісін көрсетті. Жалақы ала алмай жағдайлары жұқарса да қаламы мұқалмады. Түн жарымына дейін, кейде таң атқанша жұмыс істеп, қолмен әріп теріп, газет беттеп, баспа машинасымен газеттің кезекті нөмірін басып шығаратын баспахана қызметкерлерінің еңбегі нағыз ерлікпен пара пар еді. Олар қалыптасқан тәртіп пен береке бірлігінің арқасында уақытпен санаспай жұмыс істеп, өз міндеттерін абыроймен атқара білді.

Тәуелсіздік жылдарында редакция баспаханада бірге қызмет еткен газет қызметкерлері Амангелді Шілдебайев, Қуат Ахетов, Динара Мәлікова, Гүлнұр Атырауова, фото тілші Маханбет Ахметов, хатшы Жанат Иманалиева, компьютерде теріп беттешуші Бақыт Төшенбаева, Райхан Төуірбаева, Ақмарал Сәрсенбаева, Ақмарал Сәндібекова, бухгалтерлер Сауен Ахметова, Тазагүл Жидебаева, Тұрғанбай Мырзабеков, Орынқұл Тоқмырзаева, техникалық қызметкерлер Гүлбаршын Есетова, Дәмеш Ахметова, Науат Баймаханова, Алтын Ізтілеуова, баспаханың әріп терушілері Сайлауқұл Төжікенова, Жақсылық Төшеннова, Рая Кенжебаева, Тазагүл Ахметова, теру машинасының машинисттері Қоғажай Ергалиева, Маржан Баймаханова, баспа машинистері Жұмабек Уақбаев, Зоя Сейтенова, Еркін Жұмабековтер нарық қиыншылығына қарсы тұрып қажырлылық танытты.

2000 жылдары қоғамдық өмірде өзгерістер болып, жаңа бетбұрыс басталды. Газет редакциясына да уақыт талабына бейімделіп, жаңа технологиямен жұмыс атқаруға тура келді. Сөйтіп 2002 жылы «Жалағаш жаршысы» газеті 50-інші нөмірінен бастап редакцияда компьютерде теріліп, беттеліп, Қызылордадағы «Принт» баспаханынан басылып шыға бастады. Газетпен бірге түрлі бланкалар басып шығаратыны редакция жанындағы баспахана газеттің компьютерде теріліп, беттелуіне орай және өзін өзі ақтай алмауына байланысты 2005 жылы 14

қараша күні жабылып, жұмысын тоқтатты. 2005 жылы «Жалағаш жаршысы» 45-інші санынан бастап аудандық газеттер арасында алғашқы болып түрлі түсті бояумен шығарыла бастады.

Алайда газетімізді «Принт» баспаханасында түрлі түсті бояумен екі үш есе қымбат бағаға басып шығару – онсыз да жағдайы жұқарған редакция ұжымына жығылған үстіне жұдырық болды. Салық, жарық, баспахана, айлық жалақыға берешек қаржымыз қордаланып, жағдайымыз қиындай түсті. 2007 жылы аудан әкіміне жағдайды түсіндіріп, нәтижесінде №3 форматында түрлі түсті бояумен шығып келген газетіміз енді екі түспен (қара, көк) шығатын болды. Осылайша бұған дейін газет бастыруға кететін шығындарды үнемдеуге қол жеткізгенімен ай сайын жалақы алып жарымдық. Аудандық бюджеттен ақпараттық насихат жұмысына бөлінетін 500 мың теңге қай жыртқымызды жамасын. Жасыратын несі бар, аудан әкімі тарапынан газетке жазылуға қолдау көрсетіліп, газетке жазылу бағасы өскенімен қаржылық жағдайымыз жақсарма қоймады. Сол тығарыққа тірелген көздері

Жағдайымыз жақсарып, не жарнамалы, күтеміз көп бір жаңалық болардай. Бұл не нарық, қыстағында қалсақ, Жүрміз әрі бір жауабын таба алмай.

Түсіне алмай келеміз ғой соны өлі, Сабыр сақта, басыңа бақ қонады. Көп тойымның бір аштығы секілді. Аштықтың да бір тойымы болады, деген өлең шумақтары жазылып қалған еді. «Жағдайымыз жұқарғанын, қаламыз мұқалмасын» деген тілекпен жүріп, тер төккен қаламгерлердің көптен күткен үміті алдамалты. 2014 жылдан бастап барлық аудандық газеттермен бірге «Жалағаш жаршысы» да «Сыр медиа» ЖШС-не қосылғанда қаржылық жағдайымыз қалай болар екен деп күдікпен қарағанымыз рас. Көп ұзамай газетіміз компьютерде теріліп, беттеліп, «Сыр медиа» ЖШС-не баспаханасында офсеттік тәсілімен аптасына екі рет түрлі түсті бояумен басылып шыға бастады. Редакцияның ғимараты қызметтік көлік, компьютер секілді мәселелер шешімін тауып, материалдық-техникалық жағдайы жақсарса түсті. Ең бастысы, қордаланған қарыздардан құтылып, үстімізден ауыр жүк түскенді де болды. Ай сайын тұрақты берілетін жалақымен қоса қаламақы, мереке күндері сыйақы алатын болдық. Бір сөзбен айтқанда, қызметкерлердің айлық деп алаңдамай газет шығарып, шығармашылық жұмыспен шұғылдануға толық мүмкіндік туды. Сонымен қатар жаңа заманауи медиа талабына сәйкес аудандық газеттің жанынан ресми тіркелген сайт тұрақты жұмыс істейді және әлеуметтік желілер де ақпарат айдынында көш түзген келеді.

Қорыта айтқанда, Жалағаштың тарихы мен сырлы шежіресіне айналған аудандық газеттің тойы – халықтың тойы. Олай болса «Жалағаш жаршысы» газетінің шығармашылық ұжымы мен қызметкерлері аудандық газет редакциясы мен баспахана ардагерлерін, барша қаламгерлерді аудандық басылымның тоқсан жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға аманшылық, шалқар шабыт, шығармашылық табыс тілеймін. Ең бастысы оқырмандарыңыз көбейіп, еңбектеріңіздің игілігін көре беріңіздер.

Серік БЕРТАЕВ,
аудандық газеттің
бұрынғы редакторы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Маман мерейі

Таратушымен өткен бір күн

Газетке мақала жазып өткізгеннен бөлек, сол газеттің аудандағы таратылу барысын білу үшін арнайы бір күнімді газет таратушы Назира Ержанқызымен бірге өткіздім. Өне-міне дегенше Бұқарбай батыр көшесінің орта жағына да келіп қалдық. Қолымызда толған газет. Таратушы кейіпкеріміз, әр үйдің мекен-жайынан бөлек газетке жазылған адамдарды тегімен жаттап алған екен. Аяқ асты жаңбыр жауып, газеттер су болмасын деген ниетпен ыққа тығылды. Босқа тұрмай мен де, кейіпкерімізді әңгімеге тарттым.



– Жұмыс жасап жүргеніме 5 жылдай уақыт болды. Бүгін күн ыстық немесе салқын болып кетті немесе қазіргідей жаңбыр жауып тұр деп жұмысты кейінге шегере алмаймын. Себебі газеттің әр саны шыққан сайын асыға күтіп отыратын отбасылар да бар. Көшіккен хабарласып, тіпті жағдайымды да сұрап жатады. Кейде газет саны көптігіне байланысты ауыр болып кетеді, сол кезде көп бөлігін бір үйге қоя тұрып, сол көшеге толықтай таратып, қайта келіп алып кететінін бар. Аудан тұрғындарына рақмет, газет көя тұруға рұқсаттарын беріп, тіпті шай іш деп ұсынып жататындары да болады. Бастысы сол халыққа әйтеуір бір пайдам тиіп жүргеніне ризамын, – дейді ол.

Осылай тұрғанда жаңбыр да бөсендеп, жұмысқа кірісіп кеттік. Әр үйдің сыртында газет салатын жәшік болмағандықтан, есіктің сыртына қыстырдық. Бірақ кейбірінде желмен ұшып кететіндіктен оны иесінің қолына табыстадық. Ішінен аудан тұрғындары америкалықтар секілді аула сыртына газет салатын жәшік орнатып қойса жұмыстары жеңілдеп те қалар ма еді, деп ойлап қойдым.

Расында қиындығы көп жұмыс екен 800-ге жуық мекен жайды жаттап алып, жауап аралап газеттерін таратып шығу екінің бірінші қолынан келмесі анық, 10 көшені аралап, газетті көрсетілген мекен-жайларға өз уақытында апарып, тұрғындардан бірде-бір шағым алмаған Назира Кенжеғараның бойынан жұмысқа деген адалдығы мен жауапкершілігі анық көрінді.

Қаңша шақырымызды жаяу жүріп келеміз. Өзіміше Назира Ержанқызына шаршағанымыз білдірмейін деп бүгінгі газеттің санына жариялаған мақалам жайында айтып келемін. Осылайша бір үйге тоқтадық. Ауласының есігі ашық тұр, сыртта үй иесі жүрген шығар, қолына табыстайық деп айқайлап шақырдық. Сөйтсек бір апам шығып, жуарлап қалғанымызды байқап, шайға шақырды. Салқыннан шынында суықтап қалған бойымызды жылытайық деп келісе кеттік. Дастархан басына отыра сала, сұрақ қойып үйреніп қалған мен сауалдарымды жаудырта беріпін. Сондағы білім келгені сол аудан тұрғындарының газетке деген көзқарасы еді.

– Қазір адамдар күнделікті теледидардан жаңалықтар көрумен қатар, бос уақытында газет оқығанды сүйікті ісі етіп алған. Бірақ «Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керен, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді» деп қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұвын бұрынғы айтып кетті емес пе? Сондықтан газет оқуды хобби емес, күн тәртібінің басына мықтап қою керек сияқты. Себебі онда ауданның жаңалықтарымен қоса, елүелі мәселелері де қозғалды. Ал таратушы Назира осындай күнделікті таратып жазылған газетті күнделікті қолымызға жеткізіп отырады. Ол аққарқын, жауапкершілігі жоғары жан. Күнделікті газет шыққан бойдан қолымызға тиеді. Біз сияқты газеттің әр санын асыға күтетін оқырмандар үшін бұдан асқан бақыт бар ма? Ауа райының қолайсыз күндеріне қарамастан газетімізді уақытылы жеткізетін Назираға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді аудан тұрғыны Өмірбек Жақсылық.

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін газет тарату жұмысына өбден машықтанған маман тынбай еңбектенгені арқасында бүгінде халықтың алғысына бөленіп жүр. Мен аралаған көше тұрғындардың айтқан жылы лебізі менің де жүрегімді жылытып жіберді.

Таратушымен бірге 800-ге жуық мекен-жайды толық араламасам да жұмыс барысын, қиыншылығын көріп үлгердім. Осылайша таратушы Назираға газеттерді табыстап, мен де өз жұмысыма оралдым.

Иә, жұмыстың оңайы жоқ. Бірақ бұл жұмыс адам бойындағы шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді екен. Отбасында 4 баланың асыл анасы, балаларын ел игілігі жолында адал еңбек етуге тәрбиелеп отырған еңгелі отбасының отанасы, Назира Ержанқызының еңбегі бүгінгі жас ұрпаққа өнеге.

Ақнұр БОЛТАҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 42